

Erasmus+ бағдарламасы

Эразмус+ – Еуропалық Одақтың 2014 жылдан 2020 жылға дейін жұмыс істейтін коммерциялық емес бағдарламасы, ол ЕО-ға мүше елдердің, сондай-ақ Исландия, Лихтенштейн, Македония, Норвегия, Түркия университеттерінің студенттер мен оқытушылары арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас пен өзара білім алмасуды қолдауға бағытталған. Erasmus + бағдарламасына әлемнің 33 елінен 4 мыңнан астам білім беру ұйымдары қатысады.



Бағдарламаның атауы Голландия философы Эразм Роттердамскийдің есімінен шыққан, ол өзінің саналық көзқарасын кеңейтіп, жаңа білім үйрену үшін Еуропаның көптеген қалаларында өмір сүріп, жұмыс істеген. Сонымен қатар Erasmus сөзі «Университет студенттерінің ұтқырлығын арттыру бойынша Еуропалық қоғамдастықтың іс-қимыл жоспары» дегенді білдіретін қысқартылған сөз (ағылш. – European Region Action Scheme for the Mobility of University Students).

2007 жылдан бастап бағдарлама шетелдік компанияларға жұмысқа орналасуға қолдау көрсетеді. Жұмыс берушілер әдетте үміткердің түйіндемесінде Эразмус + болғанын құптайды. 1987 жылы бағдарлама іске қосылғаннан бері оған 2,2 миллионнан астам студент қатысқан. 2020 жылдан кейін әрбір бесінші еуропалық студент бағдарламаның қатысушысы болады деп жоспарланып отыр.

Эразмус+ бағдарламасына үміткер студенттер конкурстық негізде қабылданады.

Үміткерлерге қойылатын талаптар:

- ✓ Кем дегенде 2 жыл жергілікті жоғары оқу орнының студенті болуы тиіс;
- ✓ орташа балл университет анықтаған деңгейден жоғары болуы керек;
- ✓ қабылдаушы университетте жүретін оқу тілін білуі керек.



Жеңімпазды жергілікті университет таңдайды. Оқу және тағылымдамадан өту мерзімі 3 айдан 1 жылға дейін созылып, барлығы 2 жылды құрайды. Бағдарламаға 1 рет білім беру бағдарламасы бойынша және 1 рет тәжірибе алу бойынша қатысуға болады. Бағдарламаға қатысушылар жергілікті университетке қайтып оралғаннан кейін олардың шетелде болған уақыты есепке алынатынына Эразмус + кепілдік береді.




Студенттер қабылдаған университетке оқу ақысын төлемейді, барлық шығындарды Еуропалық Одақ пен жергілікті университет көтереді. Студенттердің көпшілігі шетелде өмір сүру шығындарын жабу үшін шәкіртақы алады.



Көптеген еуропалық студенттер үшін Эразмус + бағдарламасына қатысу – шетелде өмір сүруге және оқуға алғашқы мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде «Эразмус тәжірибесі» мәдени құбылыс ретінде танымал болды. Бұл басқа елдерде қосымша білім алудың мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар шетелдік құрдастармен байланыс орнатудың да мүмкіндігі.

Қажетті құжаттар тізімі:



- ✓ ҚР азаматы төлқұжатының көшірмесі;
- ✓ Ағымдағы оқу үлгерімі туралы транскрипт СУ мөрімен расталған болуы керек;
- ✓ Шет тілді білу деңгейін дәлелдейтін құжат (үміткерде төмендегі құжаттардың бірі болуы керек):
 - а) шет тілді білу деңгейін бағалайтын халықаралық жүйелер арқылы алынған сертификат, егер бар болса (IELTS, TOEFL және т.б.);
 - б) шетелдік университеттің студентті шет тілін сол білу деңгейімен қабылдауға келісім бергені жөніндегі хаты;
 - в) қазақстандық жоғары оқу орнындағы тестілеудің нәтижесі (B2-ден төмен болмауы керек).
- ✓ Үміткер ҚР-нан шетелге шығатын кезде 18 жасқа толмаған болса, оның шетелге шығуына ата-аналарының, қамқоршы адамның, заңды өкілінің жазбаша түрде берген келісімі;
- ✓ Студенттің көп балалы отбасынан екендігін дәлелдейтін отбасы құрамы туралы анықтама;
- ✓ Студенттің ата-анасының жоқтығын дәлелдейтін құжат (жетім балалар немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жататын студенттер үшін);
- ✓ Студенттің мүгедектігін анықтайтын құжат;
- ✓ Ғынталандыру хаты (хатта мына сұрақтарға жауап болуы тиіс: Erasmus+ бағдарламасы неліктен менің болашақ кәсіби мамандығыма үлес қоса алады? Erasmus+ шәкіртақысына неге дәл мен лайықтымын? Бұл бағдарламадан мен не күтемін?);
- ✓ Профессор немесе сәйкес институттың Директоры жазған ұсынымхат;
- ✓ Құжаттар үміткердің аты-жөні, мамандығы мен шифры, кафедрасы, институты және байланыс үшін мәліметтері көрсетіле отырып, қағаз түрінде папкаларда да, электронды жеткізгіштер арқылы да тапсырылады.